Бірлестік отырысында қаралды:
Бірлестік жетекшісі:
_____ Н.Т.Елтаев
Хаттама №1
«27» тамыз 2027 ж.

Келісемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
ДОІЖО:
_____ Л.С.Исабаева
«27» тамыз 2026 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:
_____ Ы.А.Жаутиков
«27» тамыз 2026 ж.

КҮНТІЗБЕЛІК ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

Пәні: Заң және тәртіп

Сыныбы: 11 «А,К»

Мұғалімі: Ә.Н. Отар

Сағат саны: 22

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы

2026-2027 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Заң мен тәртіп» курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (ҚР ОАМ 2026 жылғы № өзгертулермен) сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № болып тіркелген).

2. 10-11-сыныптарға арналған «Заң мен тәртіп» курсының үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауын іске асыру аясында әзірленді және жоғары сынып білім алушыларының құқықтық мәдениетін, азаматтық жауапкершілігін, заңға құрметін және әділеттілік қағидаттарын қалыптастыруға бағытталған.

3.«Заң мен тәртіп» курсының мақсаты: құқықтық құзыреттілігін, құқыққа сай мінез-құлыққа дайындығын және қоғамдық өмірге жауапкершілікпен қатысу дағдыларын, әлеуметтік жобалауға, құқықтық жағдаяттарды зерттеуге және құқықтық бастамаларға қатысуын қалыптастыру.

4.«Заң мен тәртіп» курсының міндеттері:

1)жасөспірімдік кезеңдегі білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі туралы білімді тереңдету;

2) күрделі өмірлік жағдаяттарды, соның ішінде кәсіби бағдарланған кейстерді құқықтық талдау дағдыларын дамыту;

3) әлеуметтік-құқықтық жобаларды, зерттеу жұмыстарын және ағартушылық бастамаларды әзірлеу және іске асыру біліктерін қалыптастыру;

4) қоғамның құқықтық өміріне (оның ішінде цифрлық сервистер мен қоғамдық институттар арқылы) саналы түрде қатысуға дайындау;

5) заң және тәртіп, құқықтық мәдениет және азаматтық жауапкершілік мәселелерін зерделеу барысында цифрлық технологияларды, оның ішінде жасанды интеллект құралдарын саналы, этикалық және сыни тұрғыдан қолдану дағдыларын қалыптастыру.

6) ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау.

7) Курстың мазмұны «Адал азамат» құндылықтарын («тәуелсіздік және отаншылдық», «бірлік және ынтымақ», «әділдік және жауапкершілік», «заң мен тәртіп», «еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «жасампаздық және жаңашылдық») қалыптастыруға және мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздікті қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, жалпыұлттық бірлікті нығайту, қоғамдық диалогты дамыту, еңбексүйгіштік пен прогреске ұмтылуды дәріптеу, білім мен ғылымды дамыту, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау және ұлттық мәдениетті қолдау қағидаттарын іске асыруға бағытталған.

5.Курс бағдарламасы практикаға бағдарланған және құқықтық нормаларды меңгеруге, оларды қолдану дағдыларын дамытуға негізделген оқытудың белсенді түрлері мен әдістерін (жобалық әрекет, шағын зерттеулер, дебаттар, құқықтық кейстер, рөлдік ойындар, құжаттарды талдау) пайдалануды көздейді.

6.Бағдарлама жасөспірімдік кезеңнің жас ерекшеліктері мен психологиялық-педагогикалық аспектілерін ескере отырып, құқық бұзушылықтың алдын алуға, білім алушылардың күнделікті өмірде жауапты әрі қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған.

2-тарау. «Заң мен тәртіп» курсының мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Заң мен тәртіп» курсының мазмұны

7. «Заң мен тәртіп» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сыныпта аптасына 0,5 сағатты, оқу жылында 17 сағатты

2) 11-сыныпта аптасына 0,5 сағатты, оқу жылында 17 сағатты құрайды.

8. «Заң мен тәртіп» курсының базалық мазмұны келесі тақырыптық мазмұнды құрайды

№	Тақырыптық мазмұн	10 сынып	11 сынып
1	Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі және жауапкершілігі	16-18 жастағы құқықтық мәртебе. Мәміле жасау кезіндегі азаматтық-құқықтық жауаптылық. Кәмелетке толмағандардың әкімшілік және қылмыстық жауаптылығы	Кәсіби қызметтің құқықтық аспектілері. Құқықтық мамандық өкілімен кездесу. Резюме құрастыру. Кәмелетке толмаған жұмыскерлердің құқықтары
2	Цифрлық қауіпсіздік және құқық жауапкершілік	Дропперлік, фишинг, вишинг: олардан қорғану алгоритмі және құқықтық жауапкершілік. Кибербуллинг және жалған ақпарат таратқаны үшін жауапкершілік. Авторлық құқық және контентті коммерциялық мақсатта пайдалану.	Цифрлық қолтаңба және биометрия. Электронды коммерция және тұтынушы құқығы. Жасанды интеллект, нейрожелілер және авторлық құқық. Цифрлық ортада компьютерлік ойындарды пайдаланушылардың жауапты мінез-құлқын қалыптастыру (геймердің

			құқықтық мәртебесі: донаттар, аккаунттарды ұрлау, виртуалды мүлікті сатып алу).
3	Дербес деректерді қорғау.	Цифрлық із және дербес деректерді құқықтық қорғау	
4	Құқықтық мәселені зерделеу бойынша шағын зерттеу	Мектеп/өңірдегі құқықтық мәселеге қатысты шағын зерттеу (кезең-кезеңімен жүзеге асыру: мәселені таңдау, деректерді жинау, талдау, рәсімдеу, таныстыру).	Мектеп/өңірдегі құқықтық мәселеге қатысты шағын зерттеу (кезең-кезеңімен жүзеге асыру: мәселені таңдау, деректерді жинау, талдау, рәсімдеу, таныстыру).
5	Практикаға бағытталған жоба	«Жоғары сынып білім алушысының құқықтық навигаторы» жобасы	Менің мектебімдегі/ қаламдағы заң мен тәртіп» жобасы
6	Дебаттар Конференциялар	«Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі» дебат турнирі	«Заң мен тәртіп: менің азаматтық ұстанымым» тақырыбындағы қорытынды конференция. Курстың қортындысы

2-параграф. Күтілетін нәтижелер

9.Жалпы орта білім беру деңгейінде «Заң мен тәртіп» курсын меңгеру нәтижесінде білім алушыларда құқықтық құзыреттілік, өз бетінше заңға сәйкес әрекет етуге дайындық және әлеуметтік-құқықтық жобалауға қабілеттілік қалыптасады.

10.Оқыту нәтижелері курстың «Құқық негіздері» базалық оқу пәнінен ерекшелігін көрсететін практикаға бағыттылығын ескере отырып тұжырымдалған.

Білім алушылар:

− 16-18 жас аралығындағы құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігінің ерекшеліктерін (соның ішінде мәмілелер жасау);

− Қазақстан Республикасы азаматтарының 14, 16 және 18 жастағы құқықтық мәртебесіндегі айырмашылықтарды;

− цифрлық және шынайы ортадағы құқыққа қайшы әрекеттердің негізгі белгілерін анықтау, алдын алу және оларға шағым түсіру үшін жеткілікті деңгейде (дропперлік, фишинг, вишинг, кибербуллинг, жалған ақпарат тарату) ажыратуды;

− цифрлық ортадағы авторлық құқықтың негіздерін (контентті заңды және заңсыз қолдануды);
− құқықтық жауаптылық түрлерін (азаматтық-құқықтық, әкімшілік, қылмыстық) және олардың жас ерекшелігіне қарай шектерін;
− кәмелетке толмағандардың еңбек құқықтарының негіздерін (шарт жасасу, жұмыс тәртібі, тыйым салынған әрекет);
− әртүрлі салалардағы кәсіби қызметтің құқықтық аспектілерін және кәсіби қателіктердің құқықтық салдарын;
− нормативті-құқықтық актілерді және оларды талдау қағидаттарын *біледі.*

Білім алушылар:

− еңбек шарты, резюме, арыз-шағымдардың жобаларын құрастыруды;
− құқықтық тәуекел жағдайларында (цифрлық алаяқтық, үшінші тұлғалардың қысымы, құқықтардың бұзылуы) қауіпсіз мінез-құлық алгоритмдерін әзірлеуді;
– сауалнама, бақылау және құжаттарды талдау әдістерін қолдана отырып, құқықтық проблемалар бойынша шағын зерттеу жүргізуді;
− ашық статистикалық деректермен (кестелер, диаграммалар, 3–5 жылдық динамика) жұмыс істеуді;
− медиаконтентті (әлеуметтік желілер, блогтар, жаңалықтар) құқықтық сана мен құқықтық мәдениетке әсері тұрғысынан талдауды;
− жобалық және зерттеу әрекетінің нәтижелерін постер, презентация, жадынама, буклет, чат-бот, инфографика, әлеуметтік ролик форматтарында ұсынуды;
− құқық нормаларына (ҚР Азаматтық кодексі, ӘҚБтК, ҚК, БҰҰ Конвенциясы) сүйене отырып, оқу дебаттарында, кейстер мен имитациялық ойындарда құқықтық ұстанымды дәлелді қорғауды;
− әлеуметтік-құқықтық жобаларды әзірлеу және іске асыруды (жоба паспорты, ресурстар мен серіктестерді айқындау);
− құқықтық өнімдердің (жадынамалар, посттар, буклеттер) нақтылығын, қолжетімділігін және практикалық қажеттілігін бағалауды *орындай алады* .

Білім алушыларда келесі дағдылар қалыптасады / тәжірибе жинақтайды:

− құқықтық кейстерді талдау;
− өздерінің құқықтық өнімдері мен әлеуметтік жобаларын әзірлеу және қорғау;
− аудитория алдында (оның ішінде заңгерлер, әділет органдарының өкілдері, учаскелік инспекторлар сияқты шақырылған мамандар қатысуымен) зерттеу немесе жоба нәтижелерін көпшілікке ұсыну;
− құқықтық пікірсайыстарға қатысу і;
− нормативтік құқықтық құжаттармен (ҚР Азаматтық кодексі, ӘҚБтК, Еңбек кодексі, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заң, БҰҰ Конвенциясы) жұмыс істеу.

Жеке тұлғалық нәтижелер:

− қалыптасқан жауапты құқықтық мінез-құлық;
− құқыққа қайшы (соның ішінде цифрлық алаяқтық, дропперлік) әрекеттерге тартылуға қарсы тұруға дайындық;
− өз іс-әрекеттерін заң тұрғысынан саралау;
− саналы азаматтық ұстаным және қоғамдық тәртіптің негізі ретінде заңдылық құндылығын түсіну;
− цифрлық және қалыпты ортада қауіпсіз мінез-құлыққа бағытталған ұстаным;

− болашақ кәсіби қызметтің құқықтық аспектілерін ескере отырып, саналы кәсіби таңдау жасауға дайындық.

КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР
КОНСТИТУЦИЯ НЕГІЗДЕРІ
аптасына 0,5 сағат, жылына 17 сағат

11 сынып:

№	Бөлімдер / тақырыптар	Оқыту мақсаттары	Сағат саны	Күні
1-Тоқсан				
1 бөлім. Еңбек құқығындағы құқықтық мәртебе және жауапкершілік				
1	Кәсіби қызметтің құқықтық аспектілері	Кәсіби қызметті реттейтін нормативті құқықтық базаны талдау	1	01.09.2026 (11А) 01.09.2026 (11К)
2	Құқық саласы өкілімен кәсіби кездесу	Құқық саласындағы тәжірибелі маманнан сұхбат алу үшін мазмұнды сұрақтар құрастыру	1	15.09.2026 (11А) 08.09.2026 (11К)
3	Кәмелетке толмаған жұмыскерлердің құқықтары	ҚР Еңбек Кодексі нормаларын сақтау арқылы еңбек шартының үлгісін толтыру	1	29.09.2026 (11А) 22.09.2026 (11К)
4	Жұмысқа орналасуға арналған түйіндеме	Нақты бос жұмыс орнының талаптарына сәйкес мазмұнын бейімдеп, өзінің күшті жақтарын (soft skills, hard skills икемді және кәсіби дағдыларын) сипаттап, іскерлік стильде түйіндеме құрастыру	1	13.10.2026 (11А) 06.10.2026 (11К) 20.10.2026 (11К)
2-Тоқсан				
2 бөлім. Цифрлық құқық және қауіпсіздік				
5	Цифрлық қолтаңба және биометрия	Мемлекеттік қызметтерді алу үшін цифрлық қолтаңба ЭЦҚ мен биометриялық сәйкестендіруді қолдану алгоритмін жобалау	1	03.11.2026 (11А) 10.11.2026 (11К)
6	Электронды коммерция және тұтынушы құқығы	Маркетплейстер арқылы онлайн сауда жасаудың тәуекелдері мен қорғанудың құқықтық тәсілдерін бағалау	1	17.11.2026 (11А) 24.11.2026 (11К)
7	Жасанды интеллект, нейрожелілер және авторлық құқық	Жеке, білім беру және коммерциялық мақсаттарда генерацияланған контентті пайдалануда құқықтық және этикалық тәуекелдерді көрнекі түрде бейнелеу	1	01.12.2026 (11А) 08.12.2026 (11К)
8	Геймердің цифрлық қауіпсіздігі: донаттар мен ойын ішіндегі сатып алулар	Ойын ішіндегі сауда жасау мен донаттар алу кезіндегі геймердің құқықтарын қорғау үшін құқықтық алгоритмдерді қолдану	1	15.12.2026 (11А) 22.12.2026 (11К)

	кезінде қаржыны қорғау алгоритмдері			
3 бөлім. Зерттеу				
9	Дайындық кезеңі: мәселені таңдау және гипотезаны құрастыру	Зерттеу объектісін және жұмыс болжамын (гипотезасын) анықтау	1	
10	Әдіснамалық кезең: әдістерді таңдау және алғашқы деректерді жинақтау	Ұсынылған құқықтық гипотезаны тексеруге қажетті деректерді жинау құралдарын (сауалнамаларды, құжаттарды талдау критерийлерін) әзірлеу	1	
11	Талдау кезеңі: деректерді өңдеу және сараптамалық анықтаманы рәсімдеу	Нәтижелерді қолданыстағы заңнамамен салыстыру және қорытындыларды бекіту арқылы ақпаратты құрылымдау	1	
12	Тәжірибеге бағытталған кезең: ұсыныстар әзірлеу және жұмысты рәсімдеу	Зерттеуді рәсімдеуде мәселені шешудің құқықтық жолдарын (алгоритмдер, жадынамалар) ұсыну	1	
13	Зерттеу жұмыстарын таныстыру	Пікірталас жүргізу және аудитория сұрақтарына жауап беру дағдыларын көрсете отырып, зерттеу жұмысының негізгі ережелерін қорғау	1	
4 бөлім. Жобалық практикум және конференция				
14	«Менің мектебімдегі/қаламдағы заң мен тәртіп» жобасын әзірлеу	Жобаның идеясы мен форматын анықтау (буклет, чат-бот, посттар)	1	
15	Жоба мазмұнын құру: жобалық құжатнама (жоспар, бюджет, серіктестер, нәтижелер) әзірлеу	Құқықтық нормаларды сақтап. ресурстар мен серіктестерді көрсете отырып ЖИ көмегімен жобаның паспортын әзірлеу	1	
5 бөлім. Дебаттар/Конференция				
16	Қорытынды конференция: «Заң мен тәртіп: менің азаматтық ұстанымым»	Әлеуметтік жобаларды аудитория алдында қорғау	1	

17	Курс қорытындысы: «Курс мазмұнынан маған өмірде не қажет болуы мүмкін?» рефлексия	Кері байланыс беру	1	